




ӨРКЕНИЕТ КЕПІЛІН НЕДЕ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ?

ҚР Президенті Нұрсултан Назарбаев айтқандай, «Кітап – ең сабырлы ұстаз». Сонымен қатар, кітап – көнеден бері адамзат баласының сана серлілісін жасауда үлкен ықпал етіп келе жатқан рухани дүние де. Ал соң түрлі жанрлардағы кітаптардың жиынтығы орналасқан кітапхана да киелі орындардың бірі екені белгілі. Ендеше, сондай киелі орындардың бірі, Астана руханиятын дамытуда өзіндік үлкен орнын қалыптастырып үлгірген Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының құрылғанына 10 жыл толыпты. Ұжымдың құттықтай отырып, кітапхананың бүгінгі тыныс-тіршілігі, оқырман қауым, зиялыштар илілігі үшін ашылған жаңа орталықтар, жаңа клуб жайлары біз педагогика ғылымдарының докторы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті кафедрасының доценті, қоғамдық ғылымдар академигі, Қазақстан Республикасына Еңбек сінірген қайраткер, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры Үмітхан Мұңалбаева ханыммен сұхбаттасқан едік.



– Сұрақ қоймас бұрын Ұлттық академиялық

кітапхананың келе жатқан он жылдық мерекесі құтты болсын демекпін. Он жылдағы кітапхананың негізгі табыстарының тоқтапсаңыз...

– Сізге көп рақмет! Қысқа мерзімдік тарихина қарамастан, қазіргі таңда Ұлттық академиялық кітапхана – осы замандағы мультимедиалық кітапхананың қойма этапона, топрантық орталық, сондай-ақ қоғамдық алаңына айналып тұрғандағы ыншадағы кітапханамыз «Әлем кітапханаларының жемісті тарихы» мәліметтер базасын құру жөніндегі IFLA ұнның арнасын жобасына енген екен. Негізінен, кітапханамыздың бүгінгі бірден-бір басты жобасы – Қазақстандық Ұлттық электрондық кітапхана. Мұны Президентте пайымдасақ, «Іс жүзінде ол – ұлттық электрондық миы». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Жолдауында (17.01.2014 ж.) ұсынылған «Мәнгілік ел» ұлттық идеясы елімізді, ең алдымен, мәдени мұрамызбен, шығармашылық әлеуетімізбен ілгерілуге үндейді. Демек Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Жолдауында (17.01.2014 ж.) ұсынылған «Мәнгілік ел» ұлттық идеясының іске асырудың бірден-бір құралы.



– Қазіргі таңда 860 мыңдан астам басылымы бар кітапхананың қанша оқырманы бар?

– Менің кітапхананы басқаруға келгенімे бес айдан енді ғана асып барады. Сондықтан сізге пайдаланушылар санын салыстырмальы түрде айтаймын. Статистикалық көрсеткішке сүйенсек, еткен жылғы және биылтық сәйкес мерзімдерді салыстырганда биылтық бес айдаға қатысушылардың көрсеткіші 2 есеге (шілдеде 3 есеге, қазан айында 2,5 есеге) есекін байқалады. Сөзіме дәлел келтірілгенде, 2013 жылғы оқырмандардың жалпы саны маусым айында – 1665, шілдеде – 985, тамызда – 1620, қыркүйекте – 2504, қазан айында – 1200-ді құраса, биыл бұл көрсеткіш маусымда – 3470, шілдеде – 3169, тамызда – 2610, қыркүйекте – 3042, қазан айында – 2816-ға жеткен. Осы орайда, жаңадан қосылған оқырмандардың орны басым болып түрдеді.

– Осы заманы техникамен жабдықталған кітапхананың халықаралық байланысы қандай?

– Шетелдермен ынтымақтастық байланысымыз кейінгі кезеңде тоқтаған жок, көрісінше белсенділік арта түсті. Бұл – кітапхана қызыметіндегі басым бағыттың бірі. Кітапхана ұжымы ИФЛА, ЕКА, ЮНЕСКО, БҰҰДБ, НАТО тәрізді әлемге әйгілі халықаралық ұйымдармен белсенді қарым-қатынас орнатты. Айталық, ИФЛА-ның ұйымдастыруымен жыл сайын дүниежүзі кітапханашылары бас қосып, саладағы сан түрлі мәселеден ой толғайды. Айтулы шараға жыл сайын біздің мамандарымыз да екілдік етіп келеді.



– Кітапхана – өзінше бір әлем. Өзгелерге қарағанда, кітапханашы мамандардың көбісінде жаңалыққа жақындық байқалады. Ендеше, болашақ кітапханашы жастарға не айтасыз? – Кітапхана – ең алдымен, өркениет кепілі. Сондықтан кітапханашылар қызыметте адалдығымен, жауапкершілігімен, мәдениеттілігімен ерекше дер әдім. Біз қай салада болса да жастарды тәрбиелеуге, жұмысқа тартуға тииспіз. Осы орайда, кітапхана әрдайым жас маманға қолдау көрсетуге өзір. Өкінішке орай, біздің кітапханамызыда кәсіби маман тапшылығы сезіледі. Жасыратыны жоқ, бізге жұмыс сұрап басқа мамандық иеспері жиі келеді. Бірақ мен олардың берін қызыметке қабылдай алмаймын. Әйткені кітапхана мәселеңі өз алдына шеберлікті талап ететін – күрделі процесс. Сондықтан жастарға, жас мамандарға айтарым, кітапханашыға терең білім, кәсіби шеберлік, компьютерлік сауаттылық қажет. Бүгінде мәліметтер өте көп, сол шекіз ақпаратты білімге айналдыру – осы замандағы кітапханашының қызыметтік міндеті.



– Ұлттық кітапхананың тәулілі бойы жұмыс жасайтындаі мүмкіндігі бар ма? Бір жағы бұл халықаралық байланысының кеңіте отырып, түрлі сағат белдеуінде орналасқан елдермен тұрақты байланысына бір себеп болса, екінші жағынан өзіміздің оқырманндардың, Астанаға сырттан көп келетін қонақтардың да көңілінен шығатын бір әдіс болар? – Біздің мақсат – оқырманндарға барынша қолайлай жағдай жасау, пайдаланушының талап-тілгерін қандай жағдайда да қанағаттандыру. Осындай ұстанылыммен кітапханадағы оқырманндарға қызымет көрсету кестесіне өзгерістер енгіздім, жаңа кестеге сәйкес кітапхана күнде тақы 9-00-дан кешкі 20.00-ға дейін үздіксіз оқырманың қабылдай береді. Ал тәулеңтік қызыметке кешууге бізге әлі ертерек. Әйткені, біріншіден, маман жеткілікіз болса, екіншіден, алдағы жылғы бюджеттік жоспарға қисынсызыдау келіп түр.



— Оқырмандарды тарта түсөтін қандай бөлімдер ашылуда – Галамторды ақысыз пай-далануға жол ашылды, жас интelleктуалдарға қолдау көрсету мақсатында жас ақындарға арналы ала ұсынылды. Нәтижесінде, «ТӘЖ» клубы жұмысын бастады. Бұдан бөлек, «Шаңырақ» балалар орталығы есік ашты. Сонымен қатар тылым, менеджмент және маркетинг бөлімі құрылды. Оқырмандарды кітап окуға шақырып, кітапханаға тартатын тағы біраңғайайп жоба кітапханамызда 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президенті күніне орайластырылып ашылдатылды. Кітап мұражайы болмайды.

— Астана дегенде кітапхана еске түсетеңдей әсер қалдыру үшін әлі қандай жұмыстар атқарылуы керек деп ойлайсыз.

— Астаналық оқырмандар да, алыс аудандардағы оқырмандар да қажет мәліметтеріне дер кезінде қол жеткізуге мүмкіндік алды. Оқырманымыздың ізdegені ғаламтордан табылған замана көшінде кітапханашы мамандарымыз да қарап қалмайды. Бас қаладағы бірегей кітапханамыздың имиджін ақпарат провайдері ретінде қалыптастырып жатырмыз.

Әңгімелескен — Қ.Нұргалиев